

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 5 қаңтардағы № 01 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің аппарат басшысы Ж.Х. Ақылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков

Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қаңтардағы №1 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылған қаулылардың тізбесі:

1. "Сотталғандар үшін қоғамдық жұмыс түрлерін анықтау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі №162 қаулысы (2012 жылғы 18 сәуірде №13-8-166 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2012 жылғы 11 мамырда "Қызылжар" газетінің №20 (243), 2012 жылғы 11 мамырда "Маяк" газетінің №20 (5362) жарық көрген).

2. "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған мектеп бітірушілері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 қыркүйектегі №343 қаулысы (2013 жылғы 6 қыркүйекте № 2350 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2012 жылғы 20 қыркүйекте "Қызылжар" газетінің №39 (532), 2013 жылғы 20 қыркүйекте "Маяк" газетінің №40 (5436) жарық көрген).

3. "2014 жылы Қызылжар ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы №589 қаулысы (2014 жылғы 10 қаңтарда №2477 нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 17 қаңтарда "Қызылжар" газетінің №3 (50), 2014 жылғы 17 қаңтарда "Маяк" газетінің №3 (5454) жарық көрген)

4. "2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау және нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы №21 қаулысы (2014 жылғы 28 ақпандағы №2578 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 7 наурызда "Қызылжар" газетінің №10 (557), 2014 жылғы 7 наурызда "Маяк" газетінің №10 (5461) жарық көрген).

5. "2014 жылға арналған жан басы қаржыландыруы мен ата-аналар төлемінің мөлшері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 мамырдағы №249 қаулысы (2014 жылғы 26 маусымда №2840 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 4 шілдеде "Қызылжар" газетінің №27 (574), 2014 жылғы 4 шілдеде "Маяк" газетінің №27 (5478) жарық көрген)